

**2024–2025 оқу жылына арналған студенттердің психодиагностикасы бойынша
аналитикалық есеп**

Бірінші курс студенттерінің психодиагностикасы

Бейімделу жұмыстарын жүргізу аясында бірінші курс студенттері арасында келесі әдістемелер бойынша психологиялық диагностика өткізілді:

1. Бірінші курс студенттерінің бейімделуі. Т.Д. Дубовицкая мен А.В. Крылов әдістемесі.

Қатысушылар саны – 1012 студент.

Топқа бейімделу деңгейі:

- Төмен деңгей – 125 студент (12,3%)
- Орташа деңгей – 622 студент (61,4%)
- Жоғары деңгей – 265 студент (26,1%)

Оқу іс-әрекетіне бейімделу деңгейі:

- Төмен деңгей – 69 студент (6,8%)
- Орташа деңгей – 673 студент (66,5%)
- Жоғары деңгей – 270 студент (26,6%)

Қорытынды: 90,5% студенттің бейімделу деңгейі нормада. 9,5% студенттің бейімделу көрсеткіші төмен — бұл студенттерде коммуникациялық қиындықтар байқалып, оқу процесіне толық кірісе алмауда. Оларға психологиялық қолдау қажет. Тізімдер деканаттар мен кураторларға берілді.

2. Мазасыздық және депрессия деңгейі. HADS әдістемесі (Мазасыздық және депрессия шкаласы). Қатысушылар саны – 1553 студент.

Мазасыздық деңгейі:

- Төмен деңгей – 515 студент (33,16%)
- Орташа деңгей – 839 студент (54,02%)
- Жоғары деңгей – 199 студент (13%)

Депрессия деңгейі:

- Төмен деңгей – 412 студент (26,52%)
- Орташа деңгей – 982 студент (63,23%)
- Жоғары деңгей – 159 студент (10,23%)

Қорытынды: Студенттердің басым бөлігі (50%-дан астамы) қалыпты деңгейдегі мазасыздық пен депрессияны көрсетеді. Алайда 13% (мазасыздық) және 10,23% (депрессия) жоғары көрсеткішке ие — бұл студенттерге қосымша психологиялық-педагогикалық қолдау қажет.

3. Жалғыздық деңгейі. С.Г. Корчагина әдістемесі. Қатысушылар саны – 604 студент.

- Төмен деңгей (жалғыздықты сезінбейді) – 137 студент (22,6%)
- Орташа деңгей (жеңіл жалғыздық сезімі) – 377 студент (62,4%)
- Жоғары деңгей (айқын жалғыздық сезімі) – 90 студент (15%)

Қорытынды: Әр алтыншы студент айқын жалғыздық сезімін бастан кешіреді. Бұл эмоционалдық және әлеуметтік оқшауланумен, психологиялық қиындықтар қаупімен байланысты. Тиісті қолдау көрсету қажет.

4. Стресске төзімділік деңгейі. К. Шрайнер әдістемесі. Қатысушылар саны – 899 студент.

- Жоғары деңгей – 318 студент (35,3%)
- Орташа деңгей – 519 студент (57,7%)
- Төмен деңгей – 62 студент (7%)

Қорытынды: Студенттердің көпшілігі жеткілікті немесе жоғары деңгейдегі стресске төзімділік көрсетіп отыр. 7% студентке өзін-өзі реттеу және бейімделу дағдыларын дамыту қажет.

Екінші курс студенттерінің психодиагностикасы

Мақсаты — екінші курс студенттерінің психоэмоционалды жағдайын анықтау (мазасыздық, депрессия, жалғыздық және өзін-өзі бағалау).

1. Мазасыздық деңгейі (HADS). Қатысушылар – 1301 студент.

- Төмен деңгей – 761 студент (58,5%)
- Орташа деңгей – 296 студент (22,7%)
- Жоғары деңгей – 244 студент (18,7%)

Қорытынды: Студенттердің басым бөлігінде мазасыздық деңгейі қалыпты, бірақ 18,7% студент айқын мазасыздық белгілерін көрсетеді.

2. Депрессия деңгейі.

- Төмен деңгей – 626 студент (48,1%)
- Орташа деңгей – 468 студент (36%)
- Жоғары деңгей – 237 студент (18,2%)

Қорытынды: Студенттердің жартысы қалыпты эмоционалды күйде. Алайда 18,2% студент жоғары деңгейлі депрессия белгілерін көрсетіп, қосымша диагностика мен қолдауды қажет етеді.

3. Жалғыздық сезімі (С.Г. Корчагина әдістемесі). Қатысушылар – 1524 студент.

- Төмен деңгей – 152 студент (10%)
- Орташа деңгей – 1083 студент (71%)
- Жоғары деңгей – 261 студент (17,1%)
- Өте жоғары деңгей – 28 студент (1,8%)

Қорытынды: 70%-дан астам студент орташа немесе жоғары деңгейде жалғыздық сезімін бастан кешіреді. Бұл әлеуметтік байланыстар мен эмоционалды қолдауды күшейту қажеттігін көрсетеді.

4. Өзін-өзі бағалау деңгейі (С.В. Ковалев әдістемесі). Қатысушылар – 783 студент.

- Төмен деңгей – 208 студент (26,5%)
- Орташа деңгей – 187 студент (23,8%)
- Жоғары деңгей – 388 студент (49,5%)

Қорытынды: 23,8% студенттің өзін-өзі бағалауы қалыпты, ал 26,5% студенттің өзін-өзі бағалауы төмен. Бұл топ мазасыздыққа бейім, өзіне сенімсіз және өзге пікірге тәуелді. 49,5% студенттің бағалауы тым жоғары — бұл өз-өзіне сенімділіктің тұрақсыздығын немесе компенсациялық механизмдердің болуын білдіреді.

Үшінші курс студенттерінің психодиагностикасы

Мақсаты — үшінші курс студенттерінің психоэмоционалды жағдайын анықтау (мазасыздық, депрессия, жалғыздық, стресске төзімділік және өзіндік сенімділік).

1. Мазасыздық деңгейі (HADS). Қатысушылар – 829 студент.

- Төмен деңгей – 470 студент (56,7%)
- Орташа деңгей – 201 студент (24,2%)
- Жоғары деңгей – 158 студент (19%)

Қорытынды: 19% студенттің мазасыздық деңгейі жоғары, бұл қосымша психологиялық қолдауды қажет етеді.

2. Депрессія деңгейі.

- Төмен деңгей – 385 студент (46,4%)
- Орташа деңгей – 315 студент (38%)
- Жоғары деңгей – 129 студент (15,5%)

3. Жалғыздық деңгейі (С.Г. Корчагина әдістемесі). Қатысушылар – 367 студент.

- Төмен деңгей – 24 студент (6,5%)
- Орташа деңгей – 251 студент (68,4%)
- Жоғары деңгей – 85 студент (23,1%)
- Өте жоғары деңгей – 7 студент (1,9%)

4. Стресске төзімділік. 731 студент.

- Жоғары деңгей – 506 студент (69,2%)
- Орташа деңгей – 179 студент (24,4%)
- Төмен деңгей – 46 студент (6,3%)

5. Өзіндік сенімділік (Спенсер Райдас әдістемесі). 731 студент.

- Өте жоғары сенімділік – 419 студент (57,3%)
- Қалыпты сенімділік – 281 студент (38,4%)
- Сенімсіздік – 31 студент (4,2%)

Қорытынды: Көпшілік студенттер өзіне сенімді, алайда шамадан тыс сенімділік те байқалады (57,3%), бұл әлеуметтік қарым-қатынаста қиындық тудыруы мүмкін.

Психодиагностикаға студенттердің қатысуының салыстырмалы динамикасы келесі кестеде көрсетілген:

Оқу жылы	Барлығы ППҚ, қызметкерлер / білім алушылар / талапкерлер / жұмыс берушілер / түлектер	Сауалнамаға қатысқандар, %	Өте жақсы саны, % (Төмен деңгей)	Жақсы саны, % (Орта деңгей)	Қанағаттанарл ық саны, % (Жоғары деңгей)	Қанағат танарлы қсыз саны, %
Сұрақ: бірінші курс студенттерінің мазасыздық деңгейі						
2023-2024 о.ж.	2510	1341 (53,4%)	416 (31%)	866 (64,5%)	59 (4,3%)	0 (0%)
2024-2025 о.ж.	2114	1553 (73,4%)	515 (33,1%)	839 (54%)	199 (12,8%)	0 (0%)
Өзгерістер +/-	-396	+212 (+20%)	+99 (+2,1%)	-27 (-10,5%)	+140 (+8,5%)	0 (0%)
Сұрақ: екінші курс студенттерінің мазасыздық деңгейі						
2023-2024 о.ж.	1834	1273 (69,4%)	452 (35,5%)	713 (56%)	108 (8,4%)	0 (0%)
2024-2025 о.ж.	2560	1301(50,8%)	761(58,5%)	296 (22,7%)	244 (18,7%)	
Өзгерістер +/-	+726	+28 (-18,6%)	+309 (+23%)	-417 (-33,3%)	+136 (+10,3%)	0 (0%)
Сұрақ: үшінші курс студенттерінің мазасыздық деңгейі						
2023-2024 о.ж.	1453	1009 (69,4%)	321 (31,8%)	622 (61,6%)	66 (6,5%)	0 (0%)
2024-2025 о.ж.	1959	829 (42,3%)	470 (56,7%)	201 (24,2%)	158 (19%)	0 (0%)
Өзгерістер +/-	+506	-180 (-27,1%)	-149 (+25%)	-421 (-37,4%)	+92 (+12,5%)	0 (0%)
Сұрақ: бірінші курс студенттерінің жалғыздық деңгейі						
2023-2024 о.ж.	2510	1778 (70,8%)	606 (24,1%)	1155 (64,9%)	17 (0,9%)	0 (0%)
2024-2025 о.ж.	2114	604 (28,5%)	137 (22,6%)	377 (62,4%)	90 (14,9%)	0 (0%)
Өзгерістер +/-	-396	-1174 (-42,3%)	-469 (-1,5%)	-778 (-2,5%)	+73 (+14%)	0 (0%)
Сұрақ: екінші курс студенттерінің жалғыздық деңгейі						

2023-2024 о.ж.	1834	1271 (69,3%)	601 (47,2%)	602 (47,2%)	68 (5,3%)	0 (0%)
2024-2025 о.ж.	2560	1524 (59,5%)	1235 (81%)	261 (17,1%)	28 (1,8%)	
Өзгерістер +/-	+726	+253 (-9,8%)	+634 (+33,8%)	-341 (+30,1%)	-40 (-3,5%)	0 (0%)
Сұрақ: үшінші курс студенттерінің жалғыздық деңгейі						
2023-2024 о.ж.	1453	1009 (69,4%)	305 (30,2%)	642 (63,6%)	62 (6,1%)	0 (0%)
2024-2025 о.ж.	1959	367 (18,7%)	275 (75%)	85 (23,1%)	7 (1,9%)	
Өзгерістер +/-	+506	-642 (-50,7%)	-30 (+44,8%)	-557 (-40,5%)	-55 (-4,2%)	0 (0%)

2023–2024 және 2024–2025 оқу жылдарындағы студенттердің уайымшылдық және жалғыздық деңгейінің динамикасына жүргізілген талдау кейбір санаттардағы респонденттер санының өсуі аясында студенттердің психологиялық жағдайында әрі оң, әрі алаңдататын үрдістердің бар екенін көрсетеді.

Бірінші курс студенттері:

Уайымшылдық деңгейі артқан — жоғары уайымшылдық деңгейі бар студенттердің үлесі 4,3%-дан 12,8%-ға дейін өсті, ал орташа деңгейдегі көрсеткіш 64,5%-дан 54%-ға дейін төмендеді. Бұл оқудың бастапқы кезеңінде бейімделу қиындығын көрсетеді.

Алайда жағдайдың күрт нашарлауы байқалады — жоғары деңгейдегі жалғыздықты сезінетін студенттердің саны 0,9%-дан 14,9%-ға дейін өсті, сонымен қатар сауалнамаға қатысу жалпы алғанда 40%-дан астам азайды.

Екінші курс студенттері:

Уайымшылдық деңгейі едәуір нашарлаған — төмен уайымшылдық деңгейі бар студенттер саны 35,5%-дан 58,5%-ға дейін артқанымен, орташа деңгей көрсеткіші 56%-дан 22,7%-ға дейін қысқарды, ал жоғары деңгей 8,4%-дан 18,7%-ға дейін өсті.

Сонымен бірге жағдай жалғыздық тұрғысынан жақсарған — төмен жалғыздық деңгейі бар студенттердің үлесі 47,2%-дан 81%-ға дейін өсті, ал жоғары деңгейдегі жалғыздықты сезінетіндердің саны 5,3%-дан 1,8%-ға дейін азайды. Бұл екінші оқу жылында бейімделу үдерісінің оң нәтиже бергенін көрсетеді.

Үшінші курс студенттері:

Жоғары уайымшылдық деңгейі бар студенттердің саны 6,5%-дан 19%-ға дейін өскен, ал орташа деңгей 61,6%-дан 24,2%-ға дейін төмендеген. Бұл көрсеткіш оқу аяқталуға жақындаған кезеңдегі белгісіздік пен жауапкершіліктің артуымен байланысты болуы мүмкін.

Жалғыздық деңгейі керісінше төмендеген — жоғары деңгей 6,1%-дан 1,9%-ға дейін азайған, ал төмен деңгей 75%-ға дейін артқан. Бұл студенттердің әлеуметтік ортасы мен тұлғааралық байланыстарының нығайғанын көрсетеді.